

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІІ.- Б. 283-285.

**ӘОЖ 332.3**

## **ЖЕРДІ ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ БАҒЫТЫНДА ЖЕР ПАЙДАЛАНУШЫЛЫҚТАРДЫ КЕҢІСТІКТЕ ТИІМДІ ОРНАЛАСТЫРУ**

*Баярлин А.Е. э.ғ.к.*

*Дүйсенова Д.Д., 2-ші курс магистранты*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана қ.*

Нарықтық типтегі агроқұрылымдардың жер пайдаланушылықтары реформа жылдарында асығыс және жобасыз құрылғаны белгілі. Осының салдарынан бұрынғы тұрақты жер пайдалану жүйесі бұзылып, көптеген кемшіліктер пайда болды, ал бұл болса жанадан құрылған ауыл шаруашылығы құрылымдарының жерді тиімді пайдалануына кері әсер етті. Жер пайдаланушылықтардың ретсіз орналасуы көптеген кеңістіктік кемшіліктердің пайда болуына әкелді. Сондықтан да жерді ұтымды пайдалану бағытында жер пайдаланушылықтардың кеңістікте тиімді орналасуы бойынша ұтымды шешім табу қажет. Бұл мәселені жер пайдаланушылықтар жүйесін жетілдіру арқылы шешуге болады.

Зерттеудің мақсаты осы күні қалыптасқан агроқұрылымдардың жер пайдаланушылықтары жүйесіне талдау жүргізу арқылы оны жетілдіру болып табылады. Осыған байланысты жұмыста агроқұрылымдардың жер пайдаланушылықтарына талдау жүргізу, кемшіліктерін анықтау, жер пайдалану жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныс беру және міндеттерді шешу көзделеді.

Жоспарлы экономика кезінде мемлекеттік саясат кен ауданды жер пайдаланушылықтарды құруға бағытталды. Жер реформасы міндеттерін жүзеге асыруда жерге орналастыру жұмыстары 1991 жылдардан басталды. Бұл кезеңде колхоз, совхоздар тарап, орнына жаңа шаруашылықтар келді. Жоспарлыдан нарықтық экономикаға өтуі үшін жеке меншікке өту шаралары жасалған болатын. Бірақ жаңадаң пайда болған шаруашылық құрылымдарың аудандары мен межелері көбінесе жобасыз, қарапайым техникалық тәсілдер арқылы белгіленді. Әр түрлі себептермен ішкі шаруашылық және шаруашылық аралық жерге орналастыру жобалары сұраныссыз қалып, ғалымдардың аудандар бойынша ұсынған оңтайлы өлшемдері сақталмай, тең емес ауданды жер пайдаланушылықтар пайда болды.

Зерттеу объектісі ретінде алынған Аршалы ауданындағы ЖШС «Arlen LTD» жер ауданы 40 га, ал ЖШС «Ижевское» 27390 га жерді алып жатыр. Бұл өлшемдер осы табиғи ауылшаруашылық аймаққа сай ғалымдардың ұсынған өлшемдеріне сай емес (1 кесте)

1 кесте - Аудан бойынша жер пайдаланушылықтардың шекті өлшемдері

Жер пайдаланушылықтар	Шекті өлшемдер, га	
	Ең кіші	Ең үлкен
ЖШС	40	27390
ШҚ	25	1467

Қазіргі таңда бұл ахуалды жою мақсатанды ҚР ауыл шаруашылық министрінің жарлығымен 2022 жылы Шаруашылық аралық жерге орналастыру жоболары жасалыну қажеттілігі жайлы үкім шығарылды, алайда бұл шаралар жеткіліксіз [1].

Жер пайдаланушылықты жетілдіру мәселелерімен әр уақытта ғалымдар М.В. Андришин, А.Д.Шулейкин, В. Р.Беленький, А. А.Варламов, М. А.Гендельман, Е. Б. Допиро, А.К.Михалченко, Ф. Г, М. О.Лоцмер, М.Д.Спектор, С.А.Ткачук, В.П.Троицкий, С.А. Удачин, және т.б айналысты [2,3].

Қазіргі кезде жер пайдаланушылықты зерттеу мақсатында Ресей ғалымдарының пікірінше бұл жерді бөлу және жер иеленушілер мен жер пайдаланушылардың санын өзгерту жөніндегі техникалық-құқықтық іс-шара ғана емес. Оның терең экономикалық мазмұны бар. Бұл шаруашылықаралық жерге орналастырудың тән ерекшелігі-ол бір уақытта аумақта ғана емес, кейде бүкіл әкімшілік аудандар мен экономикалық аймақтар аумағында жұмыстарды жүргізеді. Жерді пайдаланудың аумақтық кемшіліктері қолайсыздықтар туғызады.Бұл ретте құрылымдағы ауытқулар, жерді пайдалануға, экономикаға және өндірісті ұйымдастыруға теріс әсер ететін ауыл шаруашылығы ұйымдары мен азаматтардың жер массивтерінің немесе учаскелерінің шекараларын жер пайдалануда ұтымсыз орналастыру болып табылады[4,5].

Зерттеу барысында Аршалы ауданында өндіріс тиімділігіне кері әсерін тигізетін бірқатар кемшіліктер анықталды (2 кесте).

2 кесте - Аршалы ауданының агроқұрылымдарының кеңістіктік кемшіліктері

Жер пайдалану кемшіліктері бар шаруашылықтар					
алабарлық	Теңбіл-деулік	Топографиялық алабарлық	кіші өлшем	межелердің сыналасуы	МОНО алаптар

Кемшіліктердің түрлері, саны					
51	41	24	39	61	59
Кемшіліктердің түрлері %					
18%	15%	10%	14%	22%	21%

Анықталған кемшіліктердің бірі алабарлық. Бұл Булаксай ауылдық округінде орналасқан ЖШС «Аппаз-мырқы», ЖШС «Булаксай», ШҚ«Агубаев» жер пайдаланушыларында көп тараған. Бұл агроқұрылымдардың учаскілері 4-11 бөлікке дейін бөлінген. Келесі анықталған кемшіліктің бірі бұл топографиялық алабарлық. Топографиялық алабарлық ЖШС «Ижевское» агроқұрылымында кездеседі. Бұл қалған жер учаскелерін пайдалануды қиындатады және тасымалдау шығындарын көбейтеді. Ауданның барлық бөлігінде кездесетін кемшіліктің тағы бірі бұл тенбілдеулік. Аталаған кемшілік ЖШС «Агрофирма Поиск» жер пайдаланушылығының аумағында 4 бірдей агроқұрылымдар орналасқан және межелердің сынуы ең көп таралған яғни территория аумағында 24 бұрылыс нүктелері кездеседі. Шаруашылықтың мамандандырылғандығына және аймақтық ерекшеліктеріне сәйкес болмауы. Басқаша айтқанда, өндірістің салалық құрылымы мен табиғи жағдайларға үйлеспейді. Бұл кеністіктік кемшіліктер өндірістің басқару тиімділігіне, транспорттық және басқа шығындарға ықпалын тигізеді. Бұл кемшілік Аршалы ауданының батыс бөлігінде орналасқан елді мекеннен ең алыс орналасқан ЖШС Боболев В.В. жер пайдаланушылығына тән. Моноалаптар кемшілігі ШҚ көп бөлігінде кездеседі [6].

Жоғарыда көрсетілген барлық кемшіліктер өндіріс жұмысы, өнімнің сапасына теріс әсер етеді. Жер пайдаланушылықтарды жетілдіру олардың кеністікте тиімді орналастыруын, кемшіліктерін жою және тиімді өлшемге келтірумен байланысты. Аталған жұмыстар жерге орналастыру жобалары негізінде жүргізілуі керек.

Зерттеу нәтижелері бойынша жер пайдаланушылық жүйесін жетілдіру үшін келесі ұсыныстарды жасауға болады:

- ғылыми негізделген жерге орналастыру схемасын, шаруашылықаралық, ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобаларын құрастыру;
- жер пайдаланушыларға заң жүзінде жерге орналастыру жобаларын жасатуды міндеттеу.

Еліміздің ауылшаруашылығын дамыту – стратегиялық міндет. Жер пайдаланушылық жүйесінің жетілдірілуі елдегі агроөнеркәсіптің дамуына ықпал етеді.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Правила составления проектов внутрихозяйственного и межхозяйственного землеустройства, приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 20 апреля 2022 года № 119. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 27 апреля 2022 года № 27790 <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027790#z11>
- 2 Гагарин А.И. Землепользование: проблемы, пути решений // Интерэкспо Гео-Сибирь. 2009. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/zemlepolzovanie-problemy-puti-resheniy> (дата обращения: 22.02.2023).
- 3 Е.Н.Чистякова Р.Р. , Агаханов Н.В. , Блинчиков . О некоторых проблемах землеустройства, материалы VI Междунар. Науч. Конф [Текст] / Г. Краснодар, - 2020. -С. 35-41. -URL: <https://moluch.ru/conf/tech/archive/367/15711/>
- 4 Вараксин Г. С., Вершинский И. С., Байкалов Е. М. История, состояние и перспективы землеустройства в России // Вестник КрасГАУ. 2010. №8. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/istoriya-sostoyanie-i-perspektivy-zemleustroystva-v-rossii>
- 5 Иминов Т.Н., ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЭФФЕКТИВНОСТИ СИСТЕМЫ УЛУЧШЕНИЯ СОСТОЯНИЯ ЗЕМЕЛЬ, сборник статей XXV Международной научно-практической конференции «WORLD SCIENCE: PROBLEMS AND INNOVATIONS», 30 октябрь 2018, С.122-124
- 6 N. Ozeranskaya, T. Karbozov, A. Bekturganova, B. Zhuparkhan, V. Kononova. Optimization of Land Use in The Agricultural Landscapes of Northern Kazakhstan On the Basis of the Landscape Approach [Text] / Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences. - November - December. - 2016. - RJPBCS 7(6). - P. 1788-1797.